

"Халықтың нысаналы топтарын әлеуметтік қорғау шаралары туралы" 2009 жылғы 1 шілдедегі № 221 қаулыға өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 17 тамыздағы N 281 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 25 тамызда N 5-9-112 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Глубокое ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 ақпандағы N 81 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ШҚО Глубокое ауданы әкімдігінің 2012.02.27 N 81 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 шілдедегі № 836 қаулысын орындауда, Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 28-бабына сәйкес, Глубокое аудандық ә к і м д і к **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Глубокое аудандық әкімдіктің «Халықтың нысаналы топтарын әлеуметтік қорғау шаралары туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2009 жылдың 27 шілдесінде № 5-9-110 тіркелген, аудандық «Огни Прииртышья» газетінің 2009 жылғы 7 тамыздағы № 32 санында жарияланған) 2009 жылғы 1 шілдедегі № 221 қаулысына мына өзгертулер енгізілсін:

Жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі Нұсқаулыққа:

1 азат жолдың 2 тармағы төмендегідей мазмұндалсын:

«жұмыс берушінің жұмысшылардың еңбегін жартылай өтеумен нысаналы топтағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін жергілікті атқарушы органдармен келісім шарт негізінде жұмыс берушімен құрылған әлеуметтік жұмыс о р н ы – жұмыс о р н ы» .

2. Қаулы бірінші ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Глубокое ауданы әкімінің орынбасары М.Н. Пономареваға жүктелсін.

Глубокое ауданының әкімі

В. Кошелев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК